

Бекітемін:

«31» тамыз 2021 жылы №1 хаттама
педагогикалық кеңес шешімімен

ЖК «Жаса» «Ай – Жұлдыз»
бөбекжай – бақшасының меңгерушісі

Назарбаева С.Т.



**МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
МАЗМҰНЫН ІСКЕ АСЫРУДА «ҚАТЫНАС» БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ БОЙЫНША
МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ «РАДУГА» ТОБЫНЫҢ «ҚАЗАҚ ТІЛІ» ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ
ҚЫЗМЕТІНІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
2021 – 2022 ОҚУ ЖЫЛЫ**

Қазақ тілі мұғалімі: Жолдаспаева Қ.Б.

М33 №	Айы	Өтпелі тқырып	Апта тақырыбы	Тақырыбы	Білім беру саласы:				ҰОҚ саны
					«Қатынас»				
					Ұйымдастырылған оқу қызметі: «Қазақ тілі»				
					Мақсаты	Меңгерілетін сөздер	Әдіс – тәсілдер, ойындар	Қолданылатын көрнекі- құралдар	
1	Қыркүйек	«Балабақша»	«Балабақша»	«Балабақша»	Балаларға балабақша туралы түсінік бере отырып, өз тобы туралы қазақ тілінде айта білуге үйрету. «Қ» дыбысын дұрыс айта білуге жаттықтыру. Ойлау, есте сақтау, тілдерін дамыту. Жаттап алу қабілеттерін жетілдіру. Балабақшаға деген мақтаныш сезімдерін қалыптастырып, құрметтеуге тәрбиелеу. Қазақ тіліне деген қызығушылықтарын арттыру.	Балабақша, үстел, орындық, кілем, жиһаз, ойыншықтар, топ	Шаттық шеңбер Тіл дыбысымен жұмыс Түсінік беру Ойын «Дұрыс ата» Сергіту сәті Тақпақ жаттату Ойын «Құрастыр» Сұрақ-жауап	Тақырыпқа сай көрнекіліктер	2
2			«Дұрыс тамақтану, менің достарым»	«Менің досым»	Балаларға дос, достық туралы түсінік бере отырып, өз достары туралы айта білуге үйрету. Сөздік қорларын молайту, қабылдау, есте сақтау қабілеттерін арттыру. Қазақ тілін үйренуге деген қызығушылықтарын арттыру. Кешірімді, көпшіл болуға тәрбиелеу.	Менің досымның аты- Ол-сыпайы, мейірімді. Біз доспыз.	Түсінік беру Ойын «Сенің досың кім?» Сергіту сәті Сұрақ-жауап	Мазмұнды суреттер	2

3	Қыркүйек	«Балабақша»	«Менің сүйікті ойынышым»	«Менің сүйікті ойынышым»	Балаларды ойыныштықтар түрімен таныстыру, тақпақ үйретіп, сөздік қорларын молайту, тіл байлығын дамыту. «Мынау не?» сұрағына түсініп, жауап бере білуге үйрету. Ойын барысында ойыныштықтарға ұқыптылықпен, жанашырлықпен қарауға тәрбиелеу.	Мынау-ойыныштықтар. Машина, қуыршақ, аю, доп. Мынау-доп. Ол-үлкен. Мынау-қуыршақ. Ол-әдемі.	Шаттық шеңбер Түсінік беру Ойын «Дұрыс ата» Сергіту сәті Қорытындылау	Ойыныштықтар	2
4			«Жиһаздар»	«Жиһаздар»	Балаларды қазақ тілінде жиһаз атауларымен таныстыра отырып, олардың қажеттілігі жайлы түсінік беру. Сөздік қорларын байыту. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Жиһаздарды күтіп ұстауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Үстел, орындық, кереует, ыдыс қоятын шкаф, киім шкафы-жиһаздар.	Шаттық шеңбер Түсінік беру Ойын ойнату Тақпақ жаттату Сергіту сәті «Тапқыр болсаң, шешіп көр» Қорытындылау	Жиһаздар суреті	2

5	Қазан	«Менің отбасым»	«Менің отбасым, ата-аналар еңбегі»	«Менің Отбасым»	Балаларды отбасы мүшелерін қазақ тілінде айта біліп, өз отбасы туралы әңгімелей білуге үйрету. «Ө»дыбысын анық айта білуге жаттықтыру. Жаттап алу, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру. Отбасы мүшелеріне құрметпен қарауға, үлкенді сыйлауға тәрбиелеу.	Ата, әже, әке, ана, сіңлі, қарындас- менің отбасым. Біз тату-тәтті тұрамыз.	Шаттық шеңбер Тіл дыбысымен жұмыс Түсіндіру Ойын «Үйде кім бар?». Сергіту сәті «Бір үйде біз нешеуіміз? Тақпақ жаттату Ойын «Соқыр теке» «Мақал-сөздің мәйегі» Қорытындылау	Отбасы мүшелері бейнеленген сурет	2
6			«Менің көшем»	«Менің көшем»	Балаларға қала, көше жайлы түсінік беру. Көшедегі ережелерді айтып түсіндіру. Көшеде не бар екенін айта алуға, көшенің қандай екенін сипаттауға үйрету. «Ө»дыбысын анық айта білуге жаттықтыру. Байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру. Қоршаған ортаға, көше тәртібін сақтауға тәрбиелеу.	Көше, кең, таза, ұзын. Муса Баймуханов көшесі, Махамбет Өтемісов көшесі, Қаныш сатпаев көшесі	Шаттық шеңбер Тіл дыбысымен жұмыс Түсінік беру Ойын «Дұрыс ата» Сергіту сәті Сұрақ-жауап	Қала көшелері бейнеленген суреттер	2

7	Қазан	«Менің отбасым»	«Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік»	«Бағдаршам»	Балаларды жол жүру ережесімен,бағдаршамның атқаратын қызметі туралы түсінік беру. Бағдаршамның түстерімен «тоқта,дайындал,жүр» етістіктерін үйрету.Қазақ тіліне тән «г» дыбысымен жұмыс. Сөздік қорларын байытып,тіл мәдениетін жетілдіру. Үйренген сөздерін ауызекі сөйлеуде қолдана білуге үйрету. Жолда жүрген кезде міндетті түрде ережені сақтауға тәрбиелеу.	Қызыл,сары,жасыл. Бағдаршам Тоқтаймын, Дайындаламын,жүремін.	Шаттық шеңбер Түсінік беру Ойын ойнату Тақпақ жаттату Сергіту сәті Қорытындылау	Бағдаршам мен түстер суреті	2
8			«Берекелі, Алтын күз!»	«Алтын күз»	Балаларға күзгі табиғат ерекшелігін,берері мол мезгіл екенін ұғындыру. «Ү» дыбысын қайталау. Байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Түсіну,есте сақтау,логикалық ойлауын дамыту.Танымдық білімдерін жетілдіру. Табиғатқа деген қамқорлыққа,сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	Күз келді. Күн салқын. Жаңбыр жауады. Күз айлары: қыркүйек,қазан,қараша.	Тіл дыбысымен жұмыс Түсінік беру Ойын «Мен бастайын,сен қошта» Сергіту массажы Ойын «Кім көп сөз біледі?» Тақпақ «Күз» Сұрақ-жауап	Күз мезгілінің көрнекті суреті	2

9	Қараша	«Дені саудың жаны сау»	«Өзім туралы»	«Дене мүшелері»	Балаларды дене мүшелерін қазақ тілінде дұрыс айта білуге үйрету. «І»дыбысын дұрыс айта білуге жаттықтыру. Жұмбақтар шеше білу,ойлау,түсіну,есте сақтау қабілеттерін арттыру. Әрдайым таза жүруге тәрбиелеу. Мемлекеттік тілге деген қызығушылықтарын арттыру.	Бас,қол,аяқ,шаш,көз, мұрын,құлақ-дене мүшелері. Жуамын,сүртемін, тазалаймын.	Тіл дыбысымен жұмыс Түсінік беру Ойын «Дұрыс ата» Тақпақ жаттату «А у наші Алий» Сергіту сәті Ойын «Менің дене мүшелерім» «Тапқыр болсаң, шешіп көр» Ойын «Шатаспа» «Мақал-сөздің мәйегі» Қорытындылау	Адамның дене мүшелері бейнеленген сурет	2
10			«Дұрыс тамақтану. Дәрумендер»	«Көкөністер, жемістер»	Балаларды көкөніс, жемістер мен таныстыра отырып, олардың пайдасы туралы мағлұмат беру. «І»дыбысымен жұмыс. Тіл ұстарту мақсатында жұмбақ жасырып, ойлау, түсіну, есте сақтау, жаттап алу қабілеттерін жетілдіру. Табиғатқа, қоршаған ортаға деген қамқорлыққа тәрбиелеу.	Алма, алмұрт, жүзім- жемістер. Қияр, қызанақ, пияз- көкөністер	Шаттық шеңбері Тіл дыбысымен жұмыс Түсінік беру Ойын «Көкөніс пен жемістерді кәрзеңкеге жинайық» Сергіту жаттығуы «Тапқыр болсаң, шешіп көр» Ойын «Не артық?» Ойын «Жалғастыр» Сұрақ-жауап	Жемістер мен көкөністер суреті, муляждар, себет	2

11	Қараша	«Дені саудың жаны сау»	«Өзіңе және өзгелерге көмектес»	«Киімдер»	Балаларды қазақ тілінде киім атауларымен таныстыра отырып, оларды дұрыс айта білуге үйрету. «І» дыбысын қайталау. Сөздік қорларын молайту. Білімдерін жетілдіру. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Қазақ тіліне деген қызығушылықтарын арттыру.	Көйлек, шалбар, жейде, бәтеңке, күрте-киімдер. Мен көйлек киемін. Мен күрте киемін. Ки, шеш.	Түсінік беру Тіл дыбысымен жұмыс Ойын «Көрсетіп, атын ата» «Қуыршақты киіндіруге көмектесейік» Саусақ жаттығуы «Киімдер»	Киімдер суреті, үлестірмелі суреттер	2
12			«Біз күштіміз, ептіміз»	«Тазалық-денсаулық кепілі»	Балаларға мәдени-гигиеналық дағдылардың маңыздылығы туралы түсінік беру. Тазалық құралдарын қазақ тілінде дұрыс айта білуге үйрету. «Тазалық-денсаулық кепілі» мақалын түсіндіріп, жаттату. Сұраққа дұрыс жауап беріп, өз ойын жеткізе білу.	Сабын, тіс пастасы, тіс щеткасы, сүлгі, сусабын, тарақ. Сүртемін, тазалаймын, жуамын.	Шаттық шеңбер Түсінік беру Ойын ойнату Тақпақ жаттату Сергіту сәті «Мақал-сөздің мәйегі» Қорытындылау	Тазалық құралдары суреті	2

13	Желтоқсан	«Менің Қазақстаным!»	«Тарихқа саяхат»	«Киіз үй»	Балаларды қазақ халқының ежелгі тұрағы киіз үй туралы мәлімет беру. Киіз үй құрылысымен таныстыру. Рухани байлығын кеңейтіп, сөздік қорларын молайту. Тіл мәдениетін жетілдіру. Ата дәстүрін ұмытпауға, әрқашанда қадірлеуге баулу.	Жайлау, киіз үй. Кереге, уық, шаңырақ.	Шаттық шеңбер Түсінік беру Ұлттық ойын «Киіз үй» Ойын «Дұрыс ата» Сұрақ-жауап	Киіз үй макеті	2
14			«Туған өлкем»	«Туған өлкем-Атырау!»	Балаларды өз туған өлкесі туралы шағын әңгіме құра білуге үйрету. Сұраққа толығымен жауап беруге дағдыландыру. Ой-өрістерін, дүниетанымдарын сөздік қорларын байыту. Туған жеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Мемлекеттік тілді оқып үйренуге деген қызығушылықтарын арттыру.	Атырау – әдемі қала. Махамбет пен Исатай ескерткіші. Орталық көпір. Мұражайлар мен су бұрқақтары бар. Мен Атырау қаласында тұрамын. Мен өз өлкемді жақсы көремін.	Шаттық шеңбер Түсінік беру Әңгімелету «Кім көп сөз біледі?» Сергіту сәті «Мақал-сөздің мәйегі» Қорытындылау	Атырау қаласы туралы видео, слайд, суреттер	2

15	Желтоқсан	«Менің Қазақстаным!»	«Нұр-Сұлтан-Отанымыздың жүрегі»	«ЕлОрда-Нұр-Сұлтан»	Балаларды Елордамыз Нұр-Сұлтан қаласы туралы әңгімелей білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру. Сөздік қорларының белсенділіктерін арттыру. Отанына деген сүйіспеншілікпен бірге мақтаныш сезімін ұялату. Қазақ тіліне деген қызығушылықтарын арттыру.	ЕлОрда-Нұр- Сұлтан. Ақорда. Астана-әдемі қала. Бәйтерек.	Түсінік беру Әңгімелету Сергіту сәті Тақпақ «Астана» Сұрақ-жауап	Астана туралы видео ролик, мазмұнды суреттер	2
16			«Тәуелсіз Қазақстан!»	«Менің Отаным-Қазақстан!»	Балаларды Отанымыз Қазақстан туралы алған білімдерін тиянақтау, ой - өрістерін, білім деңгейлерін көтеру. Сөздік қорларын молайтып, сұраққа толық жауап беруге дағдыландыру. «Қ» дыбысын қайталау. Байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру. Өз Отанын, туған жерін сүйуге, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, қазақша сауатты сөйлеуге, Қазақстанның азаматтары екенін мақтаныш тұтуға тәрбиелеу.	Менің Отаным-Қазақстан! Қазақстан-тәуелсіз мемлекет. Елбасымыз-Қасым-Жомарт Тоқсаев. Қ.Р мемлекеттік рәміздері: ту, елтаңба, гимн	Шаттық шеңбер Түсінік беру Ойын «Кім көп сөз біледі?» Сергіту сәті Дидактикалық ойын «Рәміздерде не бейнеленген?» Тақпақ «Отан» Сұрақ-жауап	Гимн аудиотаспа Қазақстан туралы қысқа видео Қазақстанның картасы, елбасының портреті, Қ.Р. рәміздері.	2

17	Қаңтар	«Табиғат әлемі»	«Айналамыздағы өсімдіктер»	«Ағаштар әлемінде»	Балаларды қаламызда өсетін ағаш атауларымен таныстыру. «Ғ»дыбысымен жұмыс. Ой-өрістерін, сөздік қорларын молайту. Түсіну, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру. Ағаштарды күтіп баптауға, табиғатты аялауға тәрбиелеу.	Қарағаш, қайың, шырша терек-ағаштар	Түсінік беру Тіл дыбысымен жұмыс Ойын «Дұрыс ата?» Сергіту сәті Сұрақ-жауап	Ағаштар суреттері	2
18			«Жануарлар әлемі»	«Жабайы жануарлар»	Балаларды жабайы жануарлармен таныстыра отырып, олардың тіршілік ететін мекені туралы түсінік беру. «Н»дыбысын дұрыс айта білуге жаттықтыру. Жұмбақ шешу арқылы ойлау, қиялдау қабілеттерін арттыру. Жан-жануарларды қорғап, қамқорлық жасауға тәрбиелеу.	Аю, қасқыр, қоян, түлкі, Кірпі-жабайы жануарлар. Олар орманда мекендейді.	Шаттық шеңбері Тіл дыбысымен жұмыс Түсінік беру Ойын «Не қашты?» Сергіту сәті Ойын «Не артық?» Сұрақ-жауап	Жабайы аңдар суреті, слайд, ойыншықтар	2

19	Қаңтар	«Табиғат әлемі»	«Құстар біздің досымыз»	«Қыстап қалатын құстар»	Балаларды қыстап қалатын құстармен қазақ тілінде таныстыру. «Ұ» дыбысын дұрыс айта білуге үйрету. Қойылған сұраққа толық жауап беруге дағдыландыру. Ой-өрістерін, дүниетанымын кеңейту, сөздік қорларын молайту. Тіл мәдениетін жетілдіру. Құстарға қамқор болуға, табиғатты сүюге, аялай білуге тәрбиелеу.	Қарға, торғай, кептер, сауысқан-қыстап қалатын құстар. Жемсауыт	Тіл дыбысымен жұмыс Түсінік беру Ойын «Ұяға қай құс қонды?» Сергіту сәті Тақпақ Қорытындылау	Құстар суреті, слайд, үлестірмелі суреттер	2
20			«Ғажайып қыс»	«Қыс қызығы»	Балаларға спортпен шұғылдану адам өміріне пайдалы екендігін ұғындыра отырып, балаларды қыс мезгілінің ерекшелігімен таныстыру, сөздік қорларын байыту. Есте сақтау, жаттау, тапқырлық қабілеттерін жетілдіру. Үйренген сөздерін ауызекі сөйлеуде қолдана білуге үйрету. Сурет арқылы жай сөйлем құра білуге үйрету. Табиғатты аялауға тәрбиелеу.	Қыста қар жауады. Шанамен сырғанаймыз. Коньки тебеміз. Аққала жасаймыз.	Түсінік беру Ойын Саусақ жаттығуы Сурет бойынша әңгімелету Сұрақ-жауап	Қыс мезгілі бейнеленген сурет	2

21	Ақпан	«Бізді қоршаған әлем»	«Ғажайыптар әлемі»	«Күн, ауа, су-біздің жақсы достарымыз!»	Балаларды жер бетіндегі тіршілік атаулының негізгі қайнар көзі-күн, ауа, су екендігі жайлы түсінік беру. Танымдық қабілеттерін жетілдіру. Сөздік қорларын байытып, қазақша түсіну қабілеттерін қалыптастыру. Табиғатты аялауға тәрбиелеу. Қазақ тіліне деген қызығушылықтарын арттыру.	Күн – жылылық көзі Су – тіршілік көзі Ауасыз тіршілік жоқ Күн, ауа, су-біздің жақсы достарымыз!	Шаттық шеңбері Түсінік беру Ойын «Кім көп сөз біледі?» Сергіту сәті Сұрақ-жауап	Тақырыпқа сай мазмұнды суреттер	2
22			«Көліктер»	«Көліктер»	Балаларды көлік түрлерімен таныстыру. Олардың атқаратын қызметтері туралы түсінік беру. «Ө»дыбысын дұрыс айта білуге жаттықтыру. Балалардың сөйлеу, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Сөздік қорларын молайту. Өздерін көлік ішінде, көпшілік ортада әдепті болуға, үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу.	Ұшақ, кеме, машина, жүк көлігі, пойыз-көліктер	Түсінік беру Жаттықтыру Ойын «Бұл қай көлік?» Сергіту сәті Ойын «Құрастыр» Қорытындылау	Көлік түрлерінің суреттері	2

23	Ақпан	«Бізді қоршаған әлем»	«Электроника әлемі»	«Телефон, сандар»	Балаларға қазіргі заманда электрониканың адам өміріне маңызы зор екендігін түсіндіру. Байланыс құралымен, сандармен таныстыру. Қазақша түсініп, қызықты өлең-тақпақтарды жатқа дұрыс айта білуге үйрету. Тапқырлық қабілеттерін жетілдіру. Есте сақтау, логикалық ойлау қабілетін дамыту.	Ұялы телефон. 1 ден 10-ға дейінгі сандар	Түсінік беру Ойын «Дұрыс сана» «Көршісін тап» Сергіту сәті Жұмбақ есептер жасыру «Мақал-сіздің мәйегі» Қорытындылау	Ұялы телефон, сандар, ойыншықтар	2
24			«Мамандықтың бәрі жақсы»	«Мамандықтар»	Балаларды мамандық атауларымен таныстыру. «Ы»дыбысын қайталау. «Өскенде кім боласың?» деген сұраққа жауап алу арқылы балалардың ой - қиялдарын дамыту. Тіл мәдениетін жетілдіру. Еңбекқор болуға, ұқыптылыққа, үлкендер еңбегін бағалап, құрметтеуге тәрбиелеу.	Мұғалім, дәрігер, аспаз, шаштараз, әнші, құрылысшы-мамандықтар	Түсінік беру Ойын «Бұл кім?» Ойын «Өскенде кім боласың?» Саусақ жаттығуы «Мамандықтар» Ойын: «Сөйлеп тұрған кім?» Қорытындылау Балаларды мадақтау	Мамандықтар суреті Мамандар киімі	2

25	Наурыз	«Салттар мен фольклор»	«Қазақстан халқының салттары мен дәстүрлері»	«Бесікке салу»	Балаларға халқымыздың салт-дәстүрлерінің бірі-шілдехана, бесікке салу тойын көрсету. Ұлттық дүниетанымдық білімдерін кеңейту. Байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру. Сөздік қорларының белсенділіктерін арттыру. Халқымыздың ертеден келе жатқан салт-дәстүрлерін құрметтеуге баулу.	Бесік, бала, бесікке салу. Бесік, астыңғы көрпеше, бас жастық, тізе көрпе, шүмек, белбау, аяқбау, бет пердесі.	Түсіндіру «Бесікке салу» дәстүрі	Тақырыпқа сай көрнекі құралдар, бесік, қуыршақ.	2
26			«Ертегілер елінде. Театр әлемі»	«Жыл басына таласқан хайуанаттар»	Балаларға қазақ халық ауыз әдебиеті туралы түсінік беру. «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісімен таныстыра отырып, сахналату. Сөздік қорларын байыту. Сөздерді анық айтуға, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Қазақ ертегілеріне деген қызығушылықтарын артыру. Ауызбіршілікке, татулыққа тәрбиелеу.	Тышқан, ит, әтеш, түйе, қой, сиыр, жылқы. Жыл басына таласқан хайуанаттар	Түсінік беру Сахналау Сұрақ-жауап	Ертегі суреті, шапкілер, мультфильм	2

27	Наурыз	«Салттар мен фольклор»	«Өнер көзі-халықта»	«Оюлар қандай тамаша!»	Балаларды қазақ халқының ою-өрнек түрлерімен таныстыру. Өз бетінше сызып оюға бағыт беріп, қол икемдіктерін, шеберліктерін дамыту. Ұлттық дүниетанымдық білімдерін кеңейту. Білімдерін шеберлікпен ұштастыра білуге, ұлтымыздың қолөнерін құрметтеуге тәрбиелеу.	Қошқар мүйіз, сынық мүйіз, құс қанаты, гүл, көбелек-ою-өрнектер.	Шаттық шеңбер Түсінік беру Ойын «Дұрыс ата» Ойын «Он саусағы майысқан, шебер болар ұрпақпыз» «Мақал-сөзің мәйегі» Қорытындылау	Ою-өрнек суреттері	2
28			«Нұр төккен, гүл көктем»	«Көктем келді»	Балаларды көктем ерекшеліктерімен таныстыру. «Ө» дыбысын қайталау. Көктем туралы тақпақтар үйрете отырып, балалардың көңілдерін көтеру. Есте сақтау қабілеттерін жетілдіріп, сөздік қорларын байыту. Қоршаған ортаны, табиғатты аялауға тәрбиелеу.	Көктем келді. Күн жылынды. Қар ериді. Көктем айлары: наурыз, сәуір, мамыр	Түсінік беру Ойын ойнату Сергіту сәті Тақпақ «Көктемде» Әңгімелету	Көктем мезгілі бейнеленген сурет	2

29	Сәуір	«Біз еңбекқор баламыз»	«Аялайық гүлдерді»	«Әдемі гүлдер»	Балаларды табиғат әдемілігі –гүлдермен қазақ тілінде таныстыра отырып, олардың дәрілік-емдік қасиеттері туралы мағлұмат беру. «Ү»дыбысын дұрыс айта білуге жаттықтыру. Гүлдер туралы тақпақ айтқызып сөздік қорларын молайту, тілдік белсенділік қызметтерін арттыру. Туған елінің табиғатын сүйе білуге, гүлдер мен өсімдіктерді аялауға, күтіп баптауға тәрбиелеу.	Бәйшешек, қызғалдақ, лалагүл, түймедақ, раушан-дала гүлдері. Суарамын, баптаймын.	Шаттық шеңбері Тіл дыбысымен жұмыс Түсіндіру Ойын «Бұл қай гүл?» Сергіту сәті Тақпақ «Гүлдер, гүлдер» Аудармашы Қорытындылау	Гүлдер суреттері, видео	2
30			«Ас атасы-нан»	«Дәмді тағамдар»	Балаларды азық-түлік атауларымен таныстыра отырып, дұрыс тамақтану жөнінде түсінік беру. «Ғ»дыбысын дұрыс айта білуге жаттықтыру. Ойлау, қазақша сөйлеу, өлеңді мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастыру. Балаларға тағамдардың қандай еңбекпен келетіндігін айта отырып, азық-түліктерді қастерлеуге тәрбиелеу. Қазақ тіліне деген қызығушылықтарын арттыру	Нан, сүт, май, ет, қант, айран-азық түліктер. Ішемін, жеймін.	Түсінік беру Тіл дыбысымен жұмыс Ойын «Көсетін, атын ата» Ойын «Ненің дәмі?» Тақпақ жаттату «Мақал-сөздің мәйегі» Қорытындылау	Азық-түліктер суреті, үлестірмелі суреттер	2

31	Сәуір	«Біз еңбекқор баламыз»	«Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі»	«Жәндіктер»	Балаларға жәндіктер туралы түсінік беріп, жұмбақ, тақпақтар жаттату. Қазақ тіліне тән «Ә, І» дыбыстарын қайталату. Тіл байлықтарын молайту. Балалардың өзіне және айналасындағыларға жақсы сезімін ояту, жәндіктерге сүйіспеншілігін арттыру, оларға деген қамқорлық сезімін ояту және жауапкершілікке, тірі табиғатты қорғауға тәрбиелеу.	Көбелек, қанқыз, ара, маса, шыбын-жәндіктер.	Түсінік беру Ойындар «Бұл не?» Тақпақ «Көбелек-ау, көбелек» Сергіту сәті Жұмбақтар жасыру	Жәндіктер суреті, бейне таспа, үлестірмелі суреттер	2
32			«Еңбек бәрін жеңбек»	«Табиғат бұрышындағы еңбек»	Балаларды топтағы табиғат бұрышы туралы қазақ тілінде әңгімелей білуге үйрету. «Ұ» дыбысымен жұмыс. Байланыстырып сөйлеуін жетілдіру. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру. Үйренген сөздерін ауызекі сөйлеуде қолдана білуге дағдыландыру. Бірлесіп ұйымшыл болуға, еңбекті бағалауға тәрбиелеу.	Гүлге су құямыз, Балықтарға жем береміз, Топырақты қопсытамыз, табиғат бұрышы әдемі.	Шаттық шеңбері Түсінік беру Ойын «Кім көп сөз біледі?» Сергіту сәті Тақпақ «Еңбек» Сұрақ-жауап	Табиғат бұрышы суреті, мазмұнды суреттер	2

33	Мамыр	«Әрқашан күн сөнбесін!»	«Достық біздің тірегіміз»	«Ырысым-ынтымағым!»	Балаларға 1 – мамыр Қазақстан халықтары бірлігі күні мерекесі екенін жеткізу. Балалардың бірлік, ынтымақтастық туралы түсініктерін кеңейту. Мерекелік көтеріңкі көңіл-күй сыйлау. Ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүйуге, қорғауға, көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға ат салысатын азамат болуға тәрбиелеу.	Ақпыз, қара, сарымыз-ағайынбыз бәріміз. Достық, мереке	Шаттық шеңбер Түсінік беру Ойын «Кім көп сөз біледі?» Ойын «Киіз үй» Ән «Әрқашан күн сөнбесін!»	Тақырыпқа сай көрнекіліктер	2
34			«Отан қорғаушылар»	«Ерлігің естен кетпес»	Балаларға жалпы жеңіс күні туралы мағлұмат беру. Қазақ халқының өшпес өнеге қалдырған атақты батырларымен таныстырып, олардың есімдерін жатқа білуге үйрету. Елін, жерін қорғаған батырлар жайында түсініктерін, білімдерін кеңейту. Отанды сүйуге, үлкенді сыйлауға, қадірлеуге тәрбиелеу.	Жеңіс күні. Батырлар. Бауыржан Момышұлы. Әлия Молдағұлова. Мәңшүк Мәметова.	Түсінік беру Ойын «Бұл кім?» Сергіту сәті Тақпақ жаттату Әңгімелету «Мақал-сөздің мәйегі» Сұрақ-жауап	Батырлар портреті	2

35	Мамыр	«Әрқашан күн сөнбесін!»	«Көңілді жаз»	«Жайдарлы жаз»	Балаларға жаз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру. Жаздағы әсем табиғат өзгерістерін, жаздың байлығын, сұлулығын сезіне білуге баулу. Тіл мәдениетін жетілдіру. Сөздерді дұрыс байланыстырып, ойды жүйелеп айтуға жаттықтыру. Табиғат байлығын бағалауға, қорғауға, қамқорлық көрсете білуге тәрбиелеу.	Жаз мезгілі. Күн ыстық. Суға шомыламыз. Жаз айлары: маусым, шілде, тамыз. Маған жаз мезгілі ұнайды.	Шаттық шеңбері Түсінік беру Ойын «Кім көп сөз біледі?» Сергіту сәті Тақпақ «Жаз» Сұрақ-жауап	Жаз мезгілі бейнеленген сурет	2
36			«Мен жасай аламын»	«Қазақ тілін білеміз»	Балаларды жыл бойына өтілген тақырыптар бойынша қайталау. Өлең, тақпақтарын естеріне түсірту. Шығармашылық, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Мемлекеттік тілге деген қызығушылықтарын арттыру.	1 ден 10 дейінгі сандар, Мектепке енді барамыз Біз оқушы боламыз, Жақсы оқып сабақты сабақты, Кілең бестік аламыз.	Шаттық шеңбер Ойын «Кім көп сөз біледі?» Сұрақ-жауап	Тақырыпқа сай мазмұнды суреттер	2